



"Қазспортқамтамасызету" басқармасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 шілде N 1071

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 желтоқсандағы N 1271 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Қазспортқамтамасызету" басқармасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қайта құру жолымен мемлекеттің 100 пайыздық қатысуымен "Қазспортқамтамасызету" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қазспортқамтамасызету" ААҚ) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) жарғысын бекіту кезінде Қазақстан Республикасында туризм мен спорт жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысу республиканың ұлттық құрама командаларын спорт киімімен және мұқамалмен қамтамасыз ету, туризм мен спорттың материалдық-техникалық базасын кеңейту үшін инвестициялар тартуға қатысу "Қазспортқамтамасызету" ААҚ қызметінің негізгі мәні деп белгілесін;

2) "Қазспортқамтамасызету" ААҚ-ның жарғылық капиталына мына мекен-жай: Астана қаласы, Әуезов көшесі, 126 бойынша ғимаратты берсін;

3) әділет органдарында "Қазспортқамтамасызету" ААҚ-ның мемлекеттік тіркелуін қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 14 шілдедегі
N 1071 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акциялардың мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесіндегі:

"Алматы қ." бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-8-жолмен толықтырылсын:

"123-8 "Қазспортқамтамасызету" ААҚ".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:

Иелік ету мен пайдалану құқығы салалық министрліктер мен өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттері және қатысудың мемлекеттік үлестері тізбесіндегі:

"Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 228-2-жолмен толықтырылсын:

"228-2 "Қазспортқамтамасызету" ААҚ".

3. "Ақмола облысы орталығының қоныс аударуына байланысты босайтын ғимараттар мен қызметтік үй-жайларды бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 17 маусымдағы N 796 қаулысына:

көрсетілген қаулыға қосымшадағы:

реттік нөмірі 21-жол алынып тасталсын.

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1130 қаулысымен .